



Сыр бойы

23 мамыр, бейсенбі 2024 жыл

№78 (20752)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламға Вьетнам Социалистік Республикасының Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Вьетнам Президентінің алдағы барлық бастамасына табыс, ал достас вьетнам халқына бақ-береке тіледі.

«Сіз осы лауазымда қызмет еткен кезеңде ғажап еліңіз одан әрі гүлденіп, үйлесімді және орнықты қоғам құру жолында тұрақты дами беретініне сенімдімін. Қазақстан мен Вьетнамды өзара сенім мен ортақ мүддеге негізделген тығыз қарым-қатынастар байланыстырады. Елдеріміздің мүддесі жолындағы көпқырлы ықпалдастықты өркендету үшін жана мүмкіндіктерді Сізбен бірлесіп пайдалануға дайынмын», – деп жазылған жеделхатта.

/// СЕССИЯ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІ КЕЗЕКТІ РЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың XIV сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалар мен аумақтық инспекциялардың басшылары қатысты. Аудан, қала әкімдері, мәслихат төрағалары және активі бейнебайланыс жүзесі арқылы қосылды.

Күн тәртібінде бес мәселе қаралды. Біріншісі – «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 63 шешіміне өзгерістер енгізу. Сонымен қатар облыс әкімдігі жанындағы бірқатар комиссиялар мен сараптамалық, өңірлік үйлестіру кеңестерінің құрамына өзгеріс енгізу және бекіту мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге тоқталып, 2024 жылға арналған облыстық бюджетті кезекті нақтылауға ұсынды.

– 2023 жылдың қорытындысымен және осы жылдың басынан бері аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталуда. Өңір өңдеу өнеркәсібінде былтырғы 11-орыннан биыл 4-орынға көтерілді, өткен 4 айда көшбасшы позициясын сақтадық.

2-бет

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫ МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСАДЫ



Кейінгі онжылдықта, яғни 2013 жылдан бері кәсіби мерекелер қатарына Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қосылды. Қай кезде де алдыңғы қатарда жүретін, мерекелерде халыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлау үшін жұрт қатарлы демалуға да уақыты бола бермейтін сала майталмандары бұл күні де сахна төрінде тұрады.

Бұл күні халқымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосқан жандардың, қалам қуатымен руханиятқа қызмет еткен ақын-жазушының, өнер мен тарих тағалымын таныстырған музей қызметкерінің, білім

бұлағымен сусындатқан кітапханашының, көрерменге мәнді қойылым ұсынған театр, филармония артисінің, ансамбль, оркестр құрамындағы өнерпаздың, ауылдардағы мәдениет ошақтарында қызмет етіп жүрген мамандардың еңбегі бағаланды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шарада Сыр елінің мәдениет қызметкерлері мен сала ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда «Ұлттың жана болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады» деп ерекше атап өтті.

2-бет

/// САРАП

ПСИХОЛОГИЯ: МАМАНДЫҚ ПА, ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

Адам жаны – құпиясы ашылып бітпеген жұмбақ. Осы уақытқа дейін қаншалықты зерттелсе, соншалық зерттелуге тиіс сырлары бар. Жантану ғылымы ми мен жүректі таразыға салып, болмысты жаңа қырынан тануға жол сілтейді. Осылайша өзін зерттеп, өміріне үңілген адам өзімен қайтадан танысқандай күйге енеді. Талбесіктен жербесікке дейінгі ғұмырда ешкімнің болмысына, таңдауына қарап, мынадай деп таңба басу мүмкін емес. Себебі өзгеру үшін бір-ақ сәт жеткілікті.

Көңілі құбылған, тұрақсыз адам табиғаты өзін түсіне алмай, кейде таңдау жасай алмай, шешім қабылдаудан қашып, депрессияға ұшырайды. Алайда соңғы уақытта кішкене көңілі бұзылса, өзіне «депрессия» немесе «стресс» деп диагноз қойып алатындар көп. Ең сорақысы, өмір бойы үйінде отырып, жұмыс істемей, кейін бір апталық, он күндік курсты «оқып алған» психологтардың саны артауда. Өзіне психолог деген атақ беріп алғандар ауырғанның жанын емдей ала ма? Өзін түсінбей, өмірден түңілгендер кімдерге барып жүр? Неге кәзір екінің бірі психолог? Психологты қалай таңдаймыз?

3-бет



Фото: Ашық дереккөзден

БІЛІМ: ҚҰНДЫЛЫҚ ҚҰЛДЫРАМАСЫН ДЕСЕК...

Күні кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен білім саласының өзекті мәселелеріне арналған кеңейтілген мәжіліс өтті. «Өнер орталығында» өткен жиынға облыстық мәслихат төрағасы, облыс прокуроры, полиция департаментінің бастығы, құқық қорғау органдарының, департамент және басқармалардың басшылары, қала және аудан әкімдерінің жауапты орынбасарлары, ата-аналар комитетінің өкілдері, мектеп директорлары, олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты. Аудан әкімдері мен активі бейнебайланыс режимі арқылы қосылды.

Еске салсақ, жас ұрпақ тәрбиесі талқыға салынған мұндай жиын биыл қатарынан екінші жыл өткізілуде. Облыс көлеміндегі аудандар мен қаладағы тәрбиеге қатысты түйткілдер күнделікті бақылаудан, жауаптылар назарынан тыс қалған емес. Аймақ басшысы ұрпақ тәрбиесі әрдайым өзектілігін жоймайтынын атап өтіп, қоғамдағы келесі жағдайлардың жүйелі алаңдаушылық білдірді.

– Мемлекет басшысы «Мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарын сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне біздің қоғам болып мән беріміз керек, сондай-ақ белсенде атсалысуымыз қажет» – деп, бұл саладағы жауапкершілікті одан әрі күшейткен болатын. Ұрпаққа сапалы біліммен қатар,

саналы тәрбие беру – жұмыстың негізгі бағыты. Бұқара болып бірігіп, бұзақылықты тыя алмасақ, соны небір өкінішті жағдайларға әкеп соғуы ықтимал. Орын алған ауыр жағдайлар осыған дәлел.

Бүгінде көмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыс саны 30-дан 26-ға азайғанымен, ауыр қылмыс саны артқан. Жыл басында Сырдария ауданының Амангелді ауылында, наурыз айында Қызылорда қаласының Белкөл кентінде, кеше Шиелі ауданының Қодаманов ауылында болған бала өлімі ешкімді бейжай қалдырмауы тиіс. Балалардың құқық-бұзушылығынан бөлек, педагогтер арасынан да қылмыстық әрекетке барғандар шықты. Бұл – қаймағы бұзылмаған, қалың қазақ ұйысқан Сыр жұртшылығы үшін үлкен сын, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Облыс әкімі аталған деректер бойынша шұғыл шешім қабылдап, тиісті шара қолдануды талап етті. Атап айтқанда, Шиелі ауданы әкіміне қатаң сөгіс жариялана, аудандық білім бөлімінің басшысы, мектеп директорын, учаскелік инспекторды қызметінен босату туралы тапсырма берілді. Сондай-ақ Сырдария ауданының әкімі де қатаң сөгіс алды. Ал облыс әкімі аппаратына қылмыстың алдын алу үшін барлық ауылға мониторинг жүргізуді жүктеді.

Жында облыс прокуроры Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, өңірде балалар жасаған аса ауыр қылмыстар, топтық төбелестер белең алып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, балалардың суицид жасауы секілді қайғылы оқиғалар алаңдататынына тоқталды.

Білім беру ұйымдарындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы туралы облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаевтың баяндамасы тыңдалды. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Лияз Жұмағұлов көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы шаралар туралы баяндады.

Өз кезегінде аймақ басшысы құқық қорғау органдарының жұмысын да сынға алды.

– Өткен жылмен салыстырғанда зорлық-зомбылық қылмыстары 5-тен 7-ге көбейген. Нәпсіқұмарлық сипатындағы 2 күш қолдану жағдайы тіркелген. Мемлекет тарапынан полиция органдарына үлкен қолдау жасалуда. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға облыстық бюджеттен де миллиардтаған қаржы бөлінуде. Дегенмен, қылмыс саны азаяр емес, – деді облыс әкімі.

Мұндай қылмыстар әсіресе Қызылорда қаласында азаймай тұр. Облыс бойынша жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда облыс орталығында 37,5 пайызға артқан. Қылмыстың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы Қызылорда қалалық полиция басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ердулет Байнбайұлы баяндады. Облыстық полиция департаментінің бастығы Махсұдхан Аблазимов күн тәртібіндегі мәселеге қатысты ұсыныстарын айтты.

Сондай-ақ облыстық білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов аймақта көмелетке толмағандар арасындағы құқық-бұзушылықтардың алдын алу және тәрбие бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баянда- ма жасады.

Облыс әкімі жиынға қатысушыларды білім сапасын арттыруға, балаларға жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыруға шақырды.

– Өріптестер, білім беру саласына қойылатын негізгі 2 ғана талап пен міндет бар. Оның бірі – сапалы білім беру, екіншісі – саналы тәрбие беру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда жас ұрпақтың тәрбиесіне ерекше тоқталды. Өскелең ұрпақ пен жастарға зиялы қауымның, ақсақал-абыздарымыздың сөзі өтімді. Бала тәрбиесіне тек ата-ана, мұғалім ғана емес, қоғам болып атсалысуымыз керек.

Биылдан бастап өңірдің барлық елді мекеніндегі 171 мәдениет үйі жанынан жастарды отанымыздық және мемлекетшілдікке, патриоттыққа тәрбиелейтін, түрлі бағыттағы үйірмелері бар «Адал адам» орталықтары құрылып, жұмыс жасауда. Осыған қарамастан, жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық, өзге де келесі жағдайлар толассыз тар емес. Соңғы уақытта оқушылардың электронды темекіге әуестенуі, өз-өзіне қол жұмсауы, ерте жүктілік, ойынқұмарлық, топтық төбелестер мен әлімжеттік жиі көрініс беруде.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2024

**2024 ЖЫЛДЫҢ
ЕКІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА
ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ
ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

**«Сыр бойы» газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін:
6 айға – 5000 теңге**



/// БӘРЕКЕЛДІ!



«ТҰРАН» СЫЙЛЫҒЫ – ӘРІПТЕСТЕРІМІЗДЕ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күнінде «Сыр бойы» газеті ұжымы да үлкен қуанышқа кенелді.

Былырдан бері руханият саласында қызмет етіп жүрген шығармашылық адамдарын қолдау мақсатында облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы тағайындалған еді.

Биыл екінші рет берілген атаулы сыйлықтың басшысы Дүйсенбек Аяшұлы алды. Сондай-ақ газетіміздің аға тілшісі Фазиза Әбілда да «Тұран» сыйлығына

лайық деп танылды. Марапат иелері Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтарын шығарған.

Әріптестерімізді мерейлі марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

«ДАЛА ЖҰМЫСЫНДА ЖҮРСЕМ ДЕМАЛАМЫН»

Еңбек адамы қашанда абыройға кенеледі. Өйткені, төккен тер өтеусіз қалмайды. Адал еңбек ешқашан құндылығын жоймақ емес. Бұл – «Агро-Өркен» ЖШС мекемесінің жүргізушісі Жеңіс Қошқарбаевтың пікірі. Қазір шаруашылық қарқынды жұмыс үстінде.



Ол осы ұжымда ұзақ жылдан бері табанды еңбек етіп келеді. Айтуынша, мектеп бітіргеннен бастап техника руліне отырған. Өзіне берілген жұмысты абыройсыз аяқтаған емес. Еңбегі еленіп, 2017 жылы шаруашылықта үздік атанып, машина мінді. 2018 жылы «Еңбек данқы» орденімен марапатталды. Майталман маманның қазір Сәтжан есімді ұлы өзі секілді шаруашылық жұмысына ширғып келеді.

Бүгінде егістік алқабында дән себу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаз бойы баптала-тын егінді камбаға құйып алу – диканның парызы.

– Бұл жерде ең бірінші, жұмысқа деген жауапкершілік талап етіледі. Уақытпен санас-

пай егінді дер шағында сеуіп бітіру керек. Көпшілікпен бірге еңбек ету көңілді жадыраталады. Жалақымыз тұрақты, жағдайымыз жақсы. Дала жұмысында жүрсем демаламын, – дейді ол.

Айта кетейік, «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биыл 1663 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егуде. Оның ішінде, 720 гектар күріш, 487 гектар ескі жоңышқа, 296 гектар жаңа жоңышқа, 160 гектар бидай бар. Шаруашылық 50 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жауапты науқандарда адам саны арта түседі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



САЯТ ПЕН ТЕМІРЛАНЫҢ ТАБЫСЫ

Қазақстанда IT саласы дамудың жаңа сатысына көтеріле бастады. Оның дәлелі – резиденттердің, «Астана хаб» стартаптарының саны, шетелдерге IT-қызметтер экспортының өсуі. Жасанды интеллекттің дамуы экономика мен қоғамды жаңғырту стратегиясының контекстінде барған сайын маңыздырақ бола түсуде. Мемлекет басшысы ақпан айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында елімізде IT саланы серпінді дамытуға бағытталған жобалардың қолданысын кеңейтуді тапсырған болатын.

Бұл бағытта аймақта жаңа игі жобалар атқарылууда. Дәл осы саламен айналыса-мын деген жастарға мол мүмкіндік бар. Жыл өткен сайын қызығушылық таны-татын оқушылар мен студенттердің саны да артып келеді. Олардың тын жобасы оң нәтижесін көрсетуде. «Smart Bench» жобасын ұсынып, 70-тен аса өтінімнің арасынан топ жарған KuzylordaHub бизнес инкубаторының резиденттері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Саят Қанатұлы мен Темірлан Абжанов тын жаңалығымен бөлісті.

– Өткен жылы «Chevron» компаниясы ұйымдастырған «Sustainability Living Lab» жобалар сайысына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен 6 білім алушы қатысуға өтінім беріп, 4 жобаның авторы финалдық кезеңге өткен едік. Сайыстың шарты бойынша қазылар алқасына оқу орындарының кампусын дамытуға арналған 70-тен астам жоба келіп түскен. Соның ішінде 17 жоба үздік деп танылып, әрқайсысымызға 1 млн 300 мың теңге көлемінде арнайы грант бөлінді. Мен ұсынған «Smart Bench» жобасы – университетіміздің бас оқу ғимаратының алдына күн панельдері орнатылған smart орындықтар қоюға бағытталған жоба. Негізгі мақсаты – кампус ландшафтының өзгерту, экологиялық мәселелерді тұрақты шешіммен қамтамасыз ету, университет инфрақұрылымының дамуына үлес қосу.

Қарапайым тілмен айтқанда, күн сәулесінен қуат алатын «ақылды» орындық әдеттегі орындықтардан зарядтау станциясы ретінде жұмыс істейтін кіріктірілген күн панелімен ерекшеленеді. Олардың көмегімен бір уақытта бірнеше телефонды қуаттауға болады, – дейді Саят Қанатұлы.

Келесі грант иегері Темірлан Абжанов тұрақты жылыжайға бағытталған жоба ұсынған. Аталған жобаның мақсаты – органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы топырақты құнарландыруға пайдалану. Сонымен қатар топырақтың төменгі қабаты арқылы суару әдісін қолдану және суару процесін автоматтандыру арқылы су шығынын азайтуға да көздейді.

– Жобалар конкурсын қорытындылау мақсатында наурыз айында Назарбаев Университетінде «Sustainability Living Lab» бағдарламасының конференциясы ұйымдастырылды. Конференцияға республика бойынша 12 университеттің студенттері қатысып, бағдарлама аясында іске асқан инновациялық экологиялық жобаларын таныстырды. Жөнімпаз атанған жобаны командамен жасалды.

Конференцияның алғашқы күні қатысушы ретінде баяндамамызды ұсынып, гидропоникалық қондырғы жасау бойынша шеберлік сағатына қатыстық. Сондай-ақ жасыл жобалардың көрмесіне

қатысушылар қайта өңделген материалдан күн панелдерін, жасыл шатырларды, гравитациялық генераторларды, биологиялық ыдырайтын қаппа-қарраген пленкаларын, су қоймаларынан пластмасса ұстайтын құрылғыларды жасау әдістері көрсетілді. Көрмеге келушілер түрлі экологиялық бастамаларды көріп, студенттердің атқарған жұмыстарымен танысуға мүмкіндік алды. Сөйкесінше жобалары күзден жүйрік шыққан студенттер де өзара тәжірибе алмасып, достар тауып, идеяға идея қосылып, шабыттанып қайтық, – дейді Темірлан Абжанов.

Оның айтуынша, команда жолдама алған Үндістандағы әлемдік компанияда өтетін тағылымдама 10 күнге созылады. Қызылордалық зияткерлер Дели қаласындағы тағылымдамаға маусым айының соңына қарай аттанбақ.

– Өзім KuzylordaHub бизнес инкубаторының резидентімін. Мұнда біз екі бағытта, яғни, оқушылармен және студенттермен жұмыс жасауға көңіл бөлеміз. Студент болсам да, оқушыларға тәлімгерлік жасап, IT салаға деген аймақ жастарының құштарлығын оятып, заман талабына сай жаңа білімді игеретін жасөспірімдердің саны да, сапасы да артуына үлесімді қосудамын. Сонымен қатар облыстағы 15 мектеппен тікелей байланыстамыз.

Жобамыз әзірге қаржыландырылған жоқ. Жалпы жоспары, шығындары есептелген. Үлкен қаржылай қолдауды қажет еткенімен, жоба іске асырылып, қызылордалықтардың өмір сапасына әсер ететін күн де алыс емес деген ойдам. Әлемді өзгертің келсе, алдымен өзіңді өзгерт деген сөз бар. Айналам қашан өзгереді деп күтіп отырмай, бүгіннен бастап тамшыдай әрекеттермен өзіңнің сүйікті салама, болашақтың басты мамандықтарының біріне күш салып, із-басар оқушыларды дайындауды бастап кеткенімізге қуанамыз. Қоғамға пайдалы болу – үлкен мотивация. Сыр өңіріне, жалпы қазақ еліне пайдасын тигізуге асық жастардың жаңа толқынына сәттілік! – дейді Темірлан Абжанов.

Айта кетейік, жыл сайынғы конференция университет қауымдастықтарының тұрақты шешімдерін қолдап, оларды нақты жобаларға айналдыратын SLL бағдарламасына бағытталған. Бұл шараны Тұрақты даму офисі, «National Conservation Initiative» корпоративті қоры мен «Chevron» компаниясы ұйымдастырады. Бүгінгі күні өңірден грантка ие болған 2 жоба да іске асырылып, «ақылды» орындық оқытушылар мен білім алушыларға қолданысқа берілген.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

СЫҒАНАҚТЫҢ САНСЫЗ СЫРЫ



Тарих – ол біздің бүгінгі және өткен күндеріміздің маңызды кілті. Ұлт пен елдің баға жетпес құндылығы. Мемлекет ретінде танылатын рухани және материалдық байлығы. Біздің міндет – сол байлықты көздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат етіп жеткізу. Елімізде көненің көзі болған көптеген жәдігерлер зерттелген. Алайда бұл – ұлттық мұрамыздың төрттен бірі ғана.

Мен туып-өскен ауылдан 9 шақырым жерде көне Сығанақ қалашығының орны жатыр. Талай сырды қойнауына сақтаған бұл қаланың тарихтағы орны ерекше. Деректерге сәйкес қала V-VIII ғасырларда өмір сүрген. Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды қала болған. Сауда мен мәдениеттің орталығы еді. Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығы мен Қазақ хандықтарының астанасы болған. Қала туралы алғашқы дерек X ғасырдағы парсы шығармасы «Худуд әл-Әламда» кездеседі. Ертедегі Сығанақ қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Сығанаққа көшпелі елдер мал, ет, тері, жүн, т.б. әкеліп, өздеріне қажетті заттарын алған. Сол кездегі тарихшылар Сығанақты «Қыпшақ даласының гаваны» деп атаған. Шыңғыс хан шапқыншылығынан бұрын Сығанақ Хорезмшах Текештің

қол астында болған. Қала карт Қаратаудың етегінде орналасқан, Төменарық арығы арқылы Сырдариядан аяқсу келген. Қаланың қазіргі орны 10 гектар жерді алып жатқан үлкен бес бұрышты төбе. Жан-жағында көптеген үйінділер, ертеде су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Шахристан аумағындағы 15 мұнарадан тұратын қабырғаның ауданы 10 гектарды құрайды.

2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында көне қаланы зерттеу жұмыстары жүргізілуде. 2006 жылға қарай XV-XVI ғасырдың қабаты ашылып, қызыл кірпіштен салынған төрт камералы кесене мен XIV-XV ғасыр мешітінің іргетасы табылды. 2009-2011 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қыш ыдыстардың 57 үлгісі табылды. Сол үлгілер облыстық тарихи және өлкетану музейіне

табысталды. Қазба жұмыстарын жалғастыру мақсатында қосымша 4 млн қаржы бөлінді.

Қала орнына өзіндік зерттеу жүргізу үшін арнайы бардым. Сол кезде мені қызықтырғаны қала құрылысына пайдаланған кірпіш ерекше назар аударды. Көлемі 25+25см қалыңдығы 5 см. Бұл төртбұрышты кірпіштер қала аумағында көп кездесті. Қаланы айнала салынған қорғандар да, ішіндегі қазылған қой орындарында осы кірпіш қолданылған. Жүздеген жылдар бойы жақсы сақталған кірпіштің құрамы саз балшық пен жылқының қылы және оны сүтінге илеп жасаған деген сөз бар. Тарихтың қанша зұлматын көрсен де сол бойы беріктігін сақтап қалған кірпіштің ерекше құпиясы бар екені анық. Мұны терең зерттеп, ата-бабамыздан қалған тарихтың ізін кейінгі ұрпаққа жеткізу – бүгінгі күннің басты міндеті.

Менің осындай тарихи орынмен танысуыма икпал еткен жетекшім Алма Прманованың еңбегі зор.

Аяған МҰСЫЛМАНБЕК,
№166 орта мектептің
10 сынып оқушысы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.